

FTAMP 14.01

DOI: <https://doi.org/10.47344/sb21hg62>Жұмақаева Береке¹, Молдасанов Ерсайын², Қамбаров Фаинижамал^{*3}¹SDU University, Каскелең, Қазақстан²Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан³Haileybury Almaty, Алматы, Қазақстан*e-mail: kambarovagainizhamal@gmail.com

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН КОГНИТИВТІ-КОНЦЕПТУАЛДЫ ОҚЫТУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Андатпа. Бұл мақалада Абай шығармаларын когнитивті-концептуалды негізде оқытудың теориялық-практикалық тиімділігі қарастырылады. Абай мәтіндерінің көпқабатты танымдық құрылымы, күрделі ұғымдық жүйесі, символдық және семантикалық өрісінің байлығы білімгерден гносеологиялық дайындықты, терең ойлау мен интерпретация дағдыларын талап ететіні анық. Ізденіс барысында Абай шығармаларын дәстүрлі және когнитивтік тәсілдер арқылы талдаудың нәтижелері салыстырылады. Дәстүрлі оқу барысында студенттер «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінің мазмұнын жалпы тақырыптық деңгейде ғана меңгерсе, когнитивтік әдіс мәтіндегі тірек сөздерді айқындау, семантикалық өріс құру, модельдеу арқылы мәтіннің ішкі құрылымына терең бойлауға мүмкіндік беретіні көрінеді. Абай шығармаларындағы «жан», «тән», «қызыл» тәрізді концептілердің көпқабатты мәнін түсіну барысында студенттер мәтіндік әлемді реконструкциялап, философиялық және этикалық астарды терең қабылдайды. Мақала нәтижелері когнитивті-концептуалды әдістердің Абай поэзиясының мәнін ашуда, студенттердің аналитикалық, концептуалдық және метатанымдық қабілеттерін дамытуда ерекше тиімді екенін дәлелдейді.

Түйін сөздер: когнитивтік талдау, концептуалды оқыту, семантикалық өріс, мәтіннің микроструктурасы, философиялық концепт, әдеби-когнитивтік модель, интерпретация, концептуалды карта.

Кіріспе

Абай шығармаларын мектепте, тіпті жоғары мектепте оқыту неліктен күрделі? Оның бірнеше себебі бар. Алдымен Абай шығармаларындағы таным көп қабатты, құрылым күрделі. Абай шығармаларына үлкен «дайындықпен» танымдық (гносеологиялық) негізбен келмесе, мәніне жету қиындайды. Абай шығармаларындағы дүниені тану, адам болмысының мәнін түсіну, ақиқатқа ұмтылу мәселелері оқырманнан сөзтаным, абстрактілі ойлау қабілетін талап етеді. Мәселен, «Қызыл да, қызықшыл да әуре жан гой» немесе «көп жүрмек жеңсікқойлық әлі-ақ тозар» қолданыстарын ұлттық, әлеуметтік танымнан тысқары түсіну де түсіндіру де қиын. Қазақта «әсіре қызыл тез оңар» дейтін мәтел бар. «Қызыл» сөзінің лексикалық мағынасынан бөлек концептілік мәні танылады. Абай бірнеше шығармасында осы мәндес ой тарқатады: «Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар, Оңғақ пұлдай былғайды, бір дым тисе», «Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек». Яғни Абай шығармасындағы бір сөздің өзі түрлі мағына-мәнде қолданылады екен. Сондықтан Абай шығармаларын когнитивтік негізде танып, түсінудің маңызы зор. Абай тілінің құрылымы, логикалық байланыстары, ұғымдық категориялары күрделі. Ол ойды көпқабатты символдармен, метафоралық бейнелермен, концептуалды өрісте береді. Сол себепті Абай сөзінің мәнін ашуда білімгердің когнитивтік салыстыру, талдау, жалпылау, интерпретация жасай алу сияқты дағдыларын дамыту маңызды. Ол мәтінді меңгеруде шешуші рөл атқарады. Абай мәтіндері – таңбалар, символдар, мәдени кодтар жүйесі. Астарлы ой, тұспал, ишара, ұлттық дүниетаным, психология, болмыс философиясының элементтері (аңшылық, аттың сыны, қараңғылық, жарық, надандық, мақтан, ұят, күлкі, т.т. құмарлық) когнитивті-семиотикалық талдауды талап етеді.

Мәселен «Жүректе қайрат болмаса» өлеңінде ақын:

... Тән сүйгенін бермесе,
Жан шыдамас жаны ашып.
Бере берсе бер десе,

Үміт етер таласып, – дейді. Осы өлеңдегі тұтас ойды түсіну үшін «жан» мен «тән» сөзінің лексикалық мағынасын ғана емес, философиялық категория ретіндегі танымды да бағдарлау керек болады. Түсіну мен түйсінуді ұластырмай, мағына тану қиынға соғады. Сондықтан көркем шығарманы талдаудың әдебиеттану бағытынан өзге де мүмкіндіктерін қарастырамыз. Абай шығармаларын когнитивті талдап тану әдебиеттану саласына да жат емес, оны бір бағыт ретінде қарап, оқу-таным үдерісін талдаудың осы арнасына бұрамыз.

Әдістер мен материалдар

Жалпы көркем шығарманы когнитивтік тұрғыдан қарастыру әдеби талдау теориясы ретінде сипатталмайды. Дегенмен әдебиеттанушылар (Ю. Тынянов, М. Бахтин, Д. Лихачёв, Ю. Лотман) әдеби талдауды лингвистикалық талдаумен ұштастырып жүргізген, өйткені олар екі ғылымның да әдістерін кіріктіре жүргізу көркем мәтінді терең танымға әкелетінін түсінген. Бұл ғалымдар психоллингвистика, когнитивтік психология, когнитивтік семиотика, сөйлеу әрекеті теориясы, сөйлеу жады теориясы, ассоциативтік лингвистика, лингвомәдениеттану сияқты пәнаралық әдістердің тиімділігін аңғарды.

Бұл туралы Николай Гей: «Әр сөз басқалармен көзге көрінбейтін желілер арқылы тығыз байланысты. Сөздердің «валенттілігінен» бастап, эстетикалық өрісі сөздердің барған сайын күрделене түсетін жүйеге қосылуымен кеңейе түседі. Ал мұндай көркемдік немесе синтетикалық форма бізге жеке ұғымдар туралы емес, тұтас құрылым жайлы кеңірек қозғауға мүмкіндік береді» [1, 129 б.] деп жазады. Когнитивтік лингвистиканың негізін салушылардың бірі Рональд Лангакер когнитивті әдісті әдеби мәтінді талдауда қолдануға болатынын мойындайды, бірақ оның шекаралары болуы тиіс екенін ескерткен. Мәселе мәтін мен әдеби шығарма арасындағы айырмашылыққа келіп тіреледі. Әдеби шығарма – көркем-образдық модель. Әдеби шығарма әлеуеті тұрғысынан шексіз, ол әртекті элементтер мен образдардың күрделі, көпқабатты бірлігі саналады. Сондай-ақ когнитивтік лингвистиканың көптеген ұғымдары әдеби талдаудың аясын кеңейте түсті.

Когнитивтік зерттеулерде жиі қолданылатын «когнитивтік база», «когнитивтік кеңістік», «концептосфера» ұғымдары философиядағы «дүниенің картинасы», «әлемнің образы» сияқты категориялармен астасып, көркем мәтінді түсіндіруде маңызды теориялық құралға айналған.

Когнитивизм әдістерінің әдебиеттануда қолданылуын негіздеген ғалымдар қатарында нарратив талдаудың когнитивтік моделін жасаған Т.А.ван Дейк[2], семиотикалық және интерпретативтік тәсілдерді дамытқан У.Эко[3], концептуалды метафора теориясы арқылы көркем ойлау механизмін түсіндірген Дж. Лакофф[4], фрейм семантикасын қалыптастырған Ч.Филлмор[5], тілдік және мәдени концептологияны дамытқан Е.С.Кубрякова, И. А. Стернин[6], С.Г.Воркачев[7], Е.В Лозинская [8], Третьяков В. [9] сияқты зерттеушілер бар. Олардың еңбектері когнитивтік әдістердің тілтану мен әдебиеттануды біріктіріп, көркем мәтінді интерпретациялаудың жаңа межесін көрсетті.

Олай болса Абай шығармаларын танудың икемді моделі ретінде когнитивті талдау мен оқыту жүйесін қалыптастыру орынды болмақ. Әдебиеттану ғылымында Абай шығармаларын талдаған әдебиеттанушылардың еңбектері біршама (М.Әуезов, М.Мырзахметов, Қ.Мұхаметханов, Қ.Өмірәлиев, Ғ.Есім, Т.Жұртпай т.т.), лингвистика саласында да Абай зерттеу нысанын түскен жоқ (Қ.Жұбанов, Р.Сыздық, т.т.), ал әдебиетті оқыту әдістеме саласында Абай шығармаларын оқыту әлі де репродуктивті-түсіндірмелі әдістен ұзап кеткен жоқ. Когнитивті талдап тану туралы бұған дейінгі әдістемелік мақалада көрсеткеніміздей бұл жыраулап поэзиясын тануда тиімді болғаны анық [10].

Нәтижелер және оларды талдау

Тәжірибемізде филолог мамандарға «Абайтану» пәнінен өтілген сабақ барысында мәтінді түсінудің тиімді жолын айқындауға мүмкіндік туды. Таңдалған мәтін – «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңі.

Алдымен өлеңді студенттердің өздері іштей оқып мәтінді түсініктері бойынша интерпретациялады. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңін дәстүрлі оқыту әдістері негізінде талдау (өлеңді іштей және мәнерлеп оқу, құрылысын талдау, автор ойын анықтау) барысында филология мамандығы студенттері мәтіннің мазмұнын негізінен жалпы тақырыптық деңгейде ғана қамтыды. Атап айтқанда, олар шығарманың идеялық өзегін «жігіттерге бағытталған ақыл-кеңес», «достық мәселесі», «жар таңдау жөніндегі толғаныстар» сияқты кең пайымдалатын мазмұндық желілермен шектеп түсіндірді. Мұндай нәтижелер студенттердің өлеңнің терең философиялық, этикалық және поэтикалық астарын, Абайдың адамгершілік идеалына қатысты концептуалдық тұжырымдарын толық ашып көрсете алмағанын байқатады.

Ендігі кезекте мәтінді қайта зерттеу жұмысы ұйымдастырылды. Ол үшін алғашқы тапсырма әр шумақ бойынша мағынаны айқындайтын *тірек сөздерді белгілеу* болды да, оқу-таным жұмысы *мағынаны тану арқылы мазмұнды түсіну, мәтіндегі семантикалық өрісті анықтау, сөз– бейне – концепт– идея схемасында кластер құру, құрылымдық модельдеу* қадамдарымен жүргізілді.

Когнитивті тәсілге негізделіп берілген оқу қадамы әр шумақтың ішкі құрылымына жүйелі үңіліп, мәтіннің микроструктурасын (шумақ ішіндегі семантикалық бірліктер мен олардың байланысын) анықтау арқылы концептуалды ядроны бөліп алуға жұмылдыру. Студенттердің шумақтардан «тірек-сөздер» (мысалы: сыр, сымбат, шын күлерлік, ер табылса, шын көңілмен сүю, сұхбат қылу, «қырмызы, қызыл жібек бозбала», «оңғақ пұлдай былғау, дым тию және т.б.) белгілеуі оқытудың алғашқы когнитивті баспалдағы: бұл қадам мәтіндік ақпаратты алдын ала өздерінде бар білім-схемаларымен байланыстыруға, мағынаны фрагменттерге бөлшектеп өңдеуге және кейінгі интерпретация үшін семантикалық маркерлерді қалыптастыруға бағытталған.

Техникалық тұрғыдан мұндай тәсіл мынадай когнитивті әрекеттер арқылы жүзеге асады:

Алдымен, сөздерге лексикалық аннотация жасау, яғни шумақ ішіндегі семантикалық «тіректерді» таңбалау, олардың жалпылама және мәнмәтіндік мағынасын жіктеу;

Екіншіден, семантикалық өрістерді құру, таңдаған сөздер бойынша ұқсас мағыналық форма (мысалы, «сымбат – сыртқы форма», «сыр – ішкі мазмұн», «қырмызы, қызыл жібек – мата (пұл), «қырмызы, қызыл жібек бозбала – кінәратсыз, таза қалыпты», «оңғақ пұлдай былғайды бір дым тисе – тез оңу, өзгеру, (әсіре қызыл тез оңар), «ер табылса – нағыз лайық, мазмұнды, азамат» т.т. қалыптастыру.

Үшіншіден, тірек-сөздерден мәтіннің имплицитті идеясын (авторлық ұстаным, этикалық бағалау, эстетикалық критерий) шығару, концептуалдау. Сондай-ақ, студенттер өздері белгілеген сөздердің неге маңызды екендігін түсіндіреді, негіздеп, талдау түрлерін бағалайды, қандай негізгі таным-түсініктер қандай интерпретацияға әкелгенін айқындайды.

Сонымен берілген когнитивті жаттығу мәтіннің макро-және микроструктураларын ажырата алуға, семантикалық талдау қабілетін дамытуға септігін тигізді. Шумақтар бойынша лексикалық «тірек-сөздерді» таңбалау - бұл білімгерлердің мәтіннің концептуалды ядросын белгілеуіне, имплицитті мағыналарды тануына және авторлық ұстанымды бағамдауға бағытталған когнитивті танымдық тәсілдер жиынтығын құрайды. Әдіс оқытушы үшін әрі бағалау элементі саналады: таңбалау дәлдігі мен одан туындаған интерпретациялар студенттің мәтінге дендеп ене алғандығын айқындайды.

Осылайша, белсенді когнитивті белгілер арқылы жүргізілген талдау тек сөздік деңгейдегі жаттығу емес, ол студенттердің мәтіндік құрылымды тану, имплицитті мағыналарды шығару және авторлық этикалық-эстетикалық ұстанымды жүйелеу қабілеттерін қалыптастыратын оқу үдерісінің бастапқы, бірақ шешуші кезеңі болып саналады.

Сонымен, Абай шығармасын меңгерту барысында қолданылған екі түрлі әдістің нәтижелері білім алушылардың мәтінді қабылдау, интерпретациялау және

концептуализациялау деңгейлерінің айқын айырмашылығын көрсетті. Дәстүрлі оқыту бойынша талдау көбіне *макротақырыптық* деңгейде жүргізді. Өлең мазмұнынан ақыл-кеңес, достық мәселесі, жар таңдау сияқты жалпы тақырыптар аясында түсіндірумен шектелді. Бұл нәтиже мәтінді «тақырып – идея – негізгі ой» сұлбасы бойынша қабылданғанын көрсетеді. Ал когнитивті тәсіл бойынша студенттер әр шумақ ішінде семантикалық бірліктерді, концептуалды тірек сөздерді ажырату арқылы мәтінге *микродеңгейде* үңілді.

Салыстырмалы кестеде сипаттайтын болсақ, айырмашылық мынадай:

Кесте 1. *Салыстырмалы кесте*

	Өлшемдер	Дәстүрлі оқыту нәтижесі	Когнитивті оқыту нәтижесі
1	Мәтін түсіну деңгейі	Жалпы мазмұндық тақырыптармен шектелді.	Әр шумақтың ішкі семантикасы ашылды; концептуалды мән анықталды.
2	Мағына қалыптастыру механизмі	Мағынаны дайын күйінде қабылдау; репродуктивті ойлау басым.	Мағынаны тірек-сөздер арқылы құрастыру; конструктивті ойлау іске қосылды.
3	Концептуалды сөздермен жұмыс	Тілдік бірліктер ажыратылмады.	Жекелеген ұғымдар мен сөздер концептуалды маркер ретінде таңбаланды.
4	Эстетикалық-философиялық астарды ашу	Автордың этикалық үндеуі ғана байқалды.	Поэтикалық оппозициялар (шын – жалған, ішкі мән – сыртқы сән) анықталды.
5	Талдау тереңдігі	Жалпы интерпретация; мазмұнды қайта айту басым.	Семантикалық өріс құру, концептуализация, мәтін ішіндегі жасырын мәндерді ашу жүзеге асты.
6	Ойлау дағдысы	Төменгі деңгейлі ойлау (білу, түсіну).	Жоғары деңгейлі ойлау (талдау, синтез, бағалау, модельдеу).
7	Авторлық позицияны анықтау	Жалпы идея ғана көрінді.	Абайдың адамгершілік-эстетикалық идеалы тереңірек ашылды.
8	Жалпы қорытынды нәтиже	Өлең мазмұны үстірт игерілді.	Өлеңді терең меңгеру, поэтикалық, семантикалық әрі концептуалды деңгейде түсіну қалыптасты.

Қорытынды

Тұжырып айтқанда, жүргізілген салыстырмалы талдау когнитивті оқыту әдіс-тәсілдерінің мәтінді терең меңгертуге, студенттердің аналитикалық және концептуалдық ойлауын дамытуға едәуір ықпал ететінін көрсетті. Дәстүрлі әдіс мазмұнды тақырыптық деңгейде ғана игеруге мүмкіндік берсе, когнитивті әдіс мәтінді құрылымдық, семантикалық және философиялық қырынан кешенді түрде түсінуге бағдар берді. Когнитивті тәсілдің нәтижесінде студенттерде бірнеше оқу-таным әрекеті жүзеге асады, сол арқылы білімгердің танымдық күзіреті артады деуге болады. Олар:

- ✓ мәтіндік тірек-сөздерді бөліп көрсете алу;
- ✓ тілдік бірліктердің лексикалық мағынасынан бастап, поэтикалық, концептуалдық өрісін түсіне алу;
- ✓ семантикалық өріс құру;
- ✓ жасырын мағыналарды аша алу;

✓ авторлық дүниетанымды модельдеуді меңгеру.

Осылайша, когнитивті әдіс дәстүрлі тәсілге қарағанда өлеңнің поэтикалық табиғатын жан-жақты тануға және терең концептуалды пайым жасауға мүмкіндік береді деген қорытындыға келеміз.

Қаржыландыру

Мақала АР26103915 «Мектеп оқушыларының эмоционалдық интеллектін (EQ) дамыту мақсатында әдебиет пәнінің мазмұнын өнермен біріктірудің ғылыми және әдістемелік негіздері» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Гей Н.К. Искусство слова. М.,1967. Стр. 147.
2. Ван Дейк, Тён. Дискурс и власть: Репрезентация доминирования в языке и коммуникации/ Пер. с англ. Кожемякин Е. А., Переверзев Е. В., Амапов А. М. -М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», URSS, 2013.
3. Эко У. «Роль читателя. Исследования по семиотике текста» (*Lector in fabula. La cooperazione interpretativa nei testi narrativi*), 1979г.
4. Лакофф Дж. Джонсон М., «Метафоры, которыми мы живем» (*Metaphors We Live By*) – 1980.
5. Филлмор Ч. Фреймы и семантика понимания // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXIII. Когнитивные аспекты языка. М.: Прогресс, 1988. С. 52–98.
6. Стернин И.А. Основы речевого воздействия. Учебное издание. – Воронеж: «Истоки», 2012.- 178 с. 6.
7. Воркачев С. Г. Культурный концепт и значение // Труды Кубанского государственного технологического университета. Сер. Гуманитарные науки. Т. 17, вып. 2. - Краснодар, 2003 - С. 268–276.
8. Лозинская Е.В. Е.В.Литература как мышление. Когнитивное литературоведение На рубеже XX-XXI веков. М.,2007, Стр.160
9. Третьяков В. Когнитивная наука о литературе. М.,2009, Стр. 98.
10. The Role and Place of Zhyrau Poetry in the World Literature <https://doi.org/10.1590/2176-4573e65434>

References

1. Gei N.K. Iskustvo slova. M.,1967. Str. 147.
2. Van Deik, Tön. Diskurs i vläst: Reprezentasia dominirovania v iazyke i komunikasii/ Per. s angl. Kojemäkin E. A., Pereverzev E. V., Amatov A. M. -M.: Knijnyi dom «LIBROKOM», URSS, 2013.
3. Eko U. «Röl chitatelä. İssledovania po semiotike teksta» (Lector in fabula. La cooperazione interpretativa nei testi narrativi), 1979g.
4. Lakoff J. Jonson M., «Metaforı, kotorymi my jivem» (Metaphors We Live By) – 1980.
5. Fillmor Ch. Freimy i semantika ponimania // Novoe v zarubejnoi lingvistike. Vyp. XXIII. Kognitivnye aspekty iazyka. M.: Progres, 1988. S. 52–98.
6. Sternin İ.A. Osnovy rechevogo vozdeistvia. Uchebnoe izdanie. – Voronej: «İstoki», 2012.- 178 s. 6.
7. Vorkachev S. G. Külturnyi konsept i znachenie // Trudy Kubanskogo gosudarstvennogo tehnologicheskogo universiteta. Ser. Gumanitarnye nauki. T. 17, vyp. 2. - Krasnodar, 2003 - S. 268–276.
8. Lozinskaia E.V. E.V.Literatura kak myshlenie. Kognitivnoe literaturovedenie Na rubeje HH-HHI vekov. M.,2007, Str.160
9. Tretäkov V. Kognitivnaia nauka o literature. M.,2009, Str. 98.

10. The Role and Place of Zhyrau Poetry in the World Literature <https://doi.org/10.1590/2176-4573e65434>

Жумакаева Береке¹, Молдасанов Ерсайын², Камбаров Гайнижамал^{3}*

¹SDU University, Каскелен, Казахстан

²КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан

³Haileybury Almaty, Алматы, Казахстан

*e-mail: kambarovagainizhamal@gmail.com

КОГНИТИВНО-КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические основы и практическая эффективность когнитивно-концептуального подхода к изучению творчества Абая. Многоуровневая когнитивная структура его текстов, сложность концептуальной системы и богатство символично-семантических полей требуют от учащихся эпистемологической подготовленности, глубокой рефлексии и развитых интерпретационных навыков. Исследование сопоставляет результаты анализа произведений Абая в рамках традиционных и когнитивных методов. Если при традиционном обучении студенты воспринимали стихотворение «Жигиттер, ойын арзан, күлкі қымбат» лишь на общетематическом уровне, то когнитивный подход позволил выявить ключевые лексические маркеры, выстроить семантические поля и смоделировать структурные связи, обеспечив более глубокое понимание внутренней организации текста. При анализе многослойных концептов «душа», «тело», «красное» студенты реконструировали текстовый мир и смогли яснее осмыслить его философско-этические аспекты. Результаты показывают, что когнитивно-концептуальные методы особенно эффективны для раскрытия сущности поэзии Абая и развития аналитических, концептуальных и метакогнитивных умений обучающихся.

Ключевые слова: когнитивный анализ, концептуальное обучение, семантическое поле, микроструктура текста, философский концепт, литературно-когнитивная модель, интерпретация.

Zhumakayeva Bereke¹, Moldasanov Ersayin², Kambarova Gainizhamal^{3}*

¹SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

³Haileybury Almaty, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: kambarovagainizhamal@gmail.com

COGNITIVE-CONCEPTUAL METHODS FOR TEACHING ABAI'S WORKS

Abstract. This article examines the theoretical foundations and practical effectiveness of teaching Abai's works through a cognitive-conceptual approach. The multilayered cognitive structure of Abai's texts, the complexity of their conceptual system, and the richness of their symbolic and semantic fields clearly require learners to possess epistemological preparedness, deep reflective thinking, and advanced interpretive skills. The study compares the outcomes of analyzing Abai's works using traditional and cognitive methods. While, under traditional instruction, students grasped the poem "Zhigitter, oyun arzan, külki kymbat" only at a general thematic level, the cognitive approach enabled them to identify key lexical markers, construct semantic fields, and model structural relations, thereby gaining deeper insight into the text's internal organization.

In exploring multilayered concepts such as "soul," "body," and "red," students reconstructed the textual world and developed a more profound understanding of its philosophical and ethical

dimensions. The findings demonstrate that cognitive-conceptual methods are particularly effective in revealing the essence of Abai's poetry and in enhancing students' analytical, conceptual, and metacognitive abilities.

Keywords: cognitive analysis, conceptual teaching, semantic field, microstructure of the text, philosophical concept, literary-cognitive model, interpretation, conceptual mapping.

Келін түсті 24 қараша 2025